

2009 жылғы 1 сәуірге жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 сәуірде республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2009 жылғы наурыз айында берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, оның ішінде 9 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 7 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 1 531,3 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 664 142 болды. 2009 жылғы наурыз айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 18 715-ке (0,2%-ға) өсті.

2009 жылғы 1 сәуірде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 25,0%, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,9%, «ҰларҮміт» - 13,9% және «БТА Қазақстан» - 10,7% немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшыларының жалпы санының 71,5% келеді. 2009 жылғы наурыз айында 4 қор бойынша үлес алдыңғы есепті айлармен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа азайған.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 2009 жылғы 1 сәуірде 904,4 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасымен 40 782 болды. 2009 жылғы наурыз айында ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 299-ға (0,7%-ға) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2009 жылғы наурыз айында 32 (0,8%-ға) өсіп, жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 65,5 млн. теңгемен 4 076 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

2009 жылғы 1 сәуірде салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 536,4 млрд. теңгені құрады немесе 2009 жылғы наурызымен салыстырғанда 36,6 млрд. теңгеге (2,4%-ға) өсті. 2008 жылғы 1 сәуірімен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 267,1 млрд. теңгеге (21,0%-ға) өсті.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі ағымдағы жылдың наурыз айында 24,5 млрд. теңгеге (2,0%) ұлғайып, 2009 жылғы 1 сәуірде 1 252,5 млрд. теңге болды. Өткен жылда зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімдері 23,4 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 сәуірден бастап 2008 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде қалыптасқан осындай көрсеткіштен 18,2%-ға көп болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар (алушылардың) шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) 2009 жылғы наурыз айында 15,4 млрд. теңгеге (4,4%) өсіп, 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 367,2 млрд. теңгені құрады. Бір жылда «таза» инвестициялық кірістің сомасы 17 млрд. теңгеге (4,9%) өскен.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі


өткен жылда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	01.01.08ж	01.04.08ж	01.01.09ж	01.04.09ж	Бір жылда өсім сомасы	Бір жылда өсудің қарқыны (%-бен)
Жинақталған зейнетақы сомасы	1 208,1	1 269,3	1 420,5	1 536,4	267,1	21,0
Зейнетақы жарналары	912,1	971,4	1 184,7	1 252,5	281,1	28,9
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	350,2	307,0	367,2	17	4,9
Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,1	27,6	21,6	23,9	-	2,3 (пайыздық тармаққа)

Келтірілген кестеден көріп отырғандай, жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің сомасы бір жылда 267,1 млрд.теңге құрады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 22,3 млрд. теңге болды, 2007 жылғы 1 сәуірден бастап 2008 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде қалыптасқан осындай көрсеткіштен 12,6%-ға аз болды.

2009 жылғы 1 сәуірде жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» - 446,7 млрд. теңге (29,1%), «МЖЗҚ» – 264,3 млрд. теңге (17,2%) «ҰларҮміт» - 211,3 млрд.теңге (13,8%) және «БТА Қазақстан» - 195,0 млрд.теңге (12,7%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 72,8% келеді. Наурыз айында үлес 0,1 пайыздық тармаққа өсті.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы 2009 жылғы 1 сәуірде 9,7 млрд. теңгені құрады. Бір жылда жалпы өсімпұл сомасының өсімі 2,0 млрд. теңге (26,0%) болды, оның ішінде наурыз айында өсім 0,1 млрд. теңгені құрады.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 104,3 млрд. теңге болды немесе наурыз айында 3,4 млрд. теңгеге (3,4%) өскен. Бір жылда қорлар алушыларға жалпы сомасы 32,7 млрд. теңге болатын зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Сақтандыру ұйымдары алушылардың жинақтаушы зейнетақы аударылымдарын зейнетақы аннуитет шартына сәйкес ағымдағы жылдан бастап 134 алушыларға жалпы

сомасы 219,0 млн. теңге жүзеге асырған. Сақтандыру ұйымдары алушылардың жинақтаушы зейнетақы аударылымдарының жалпы сомасы зейнетақы аннуитет шартына сәйкес 2009 жылғы 1 сәуірде 661,4 млн. теңге құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару 2009 жылғы наурыз айында 14,2 млрд. теңгеге (4,1%) өсіп, 359,2 млрд. теңге болды. Бір жылда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 125,8 млрд. теңгеге немесе 53,9%-ға өскен.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары активтерінің құрылымы

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы наурыз айында 34,8 млрд. теңгеге немесе 2,33%-ға ұлғайып, 1 530,6 млрд. теңге болды.

2008 жылғы 1 сәуірден бастап 2009 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 21,7 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	447 001	29,20
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	264 622	17,29
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	226 597	14,80
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	204 942	13,39
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	21 654	1,41
«БТА Қазақстан» Жинақтаушы зейнетақы қоры «БТА Банк» АҚ еншілес ұйымы» АҚ	195 054	12,74
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	89 435	5,84

«Грантум» Жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)»	89 435	5,84
«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ	58 670	3,83
(«Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ еншілес ұйымы))	48 825	3,19
«Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («АТФ банк» АҚ еншілес ұйымы)	43 813	2,86
«Мұнайгаз – ДЕМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	42 459	2,77
«Нур-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы	37 976	2,48
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы)»	37 976	2,48
«АМАНАТ КАЗАХСТАН» ЖЗҚ» АҚ	33 223	2,17
«Қазақмыс» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	28 937	1,89
«RESMI Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	13 985	0,91
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	13 985	0,91
Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы	1 530 598	100

2009 жылғы 1 сәуірде инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2009 жылғы 1 сәуірден басталған кезеңде 126,5 млрд.теңгеге немесе 9,18%-ға, ал ағымдағы жылдың 1 наурыздан басталған кезеңде 38,1 млрд. теңгеге немесе 2,60%-ға ұлғайып, 1 504,9 млрд. теңге болды.

Бұрынғыдай жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық стратегияларын ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының пайдасына бағытталған. 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен (436 566 млн. теңге) 29,01%-ды құрады және 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай көрсеткішке қатысты 2,67%-ға немесе 11 338 млн. теңгеге өсті. Бұл ретте, Агенттіктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес 2009 жылғы 1 сәуірден бастап «кері Репо» операцияларының нысаны болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына зейнетақы активтері есебінен жалпы инвестициялар мөлшері әр бөлек ашылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен жиырма пайыздан кем емес болу керек.

ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.01.2009ж.		1.04.2009ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	425 228	30,85	436 566	29,01
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	340 989	24,74	389 505	25,88
Ұлттық Банктің ноттары	84 239	6,11	47 061	3,13
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	142 727	10,35	161 750	10,75
акциялар	37 532	2,72	43 168	2,87
облигациялар	105 195	7,63	118 582	7,88
Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары	0	0	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0	47 186	3,13
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздары	22 721	1,65	103 758	6,90
Тазартылған алтын	22 308	1,62	3 475	0,23
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	638 693	46,34	652 147	43,34
акциялар	135 706	9,85	156 521	10,40
облигациялар оның ішінде:	502 987	36,49	495 626	32,94
шетелдік валютада номинирленген	37 667	2,73	57 558	3,83
теңгемен номинирленген	465 320	33,76	438 068	29,11

Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	123 483	8,96	98 580	6,55
Туынды бағалы қағаздар	3 233	0,23	1 411	0,09
Жиынтығы	1 378 393	100	1 504 873	100

Бұдан басқа, есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі (4,6 есе) айтарлықтай өсіп, 103 758 млн. теңгені (6,90%-ды) құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздарының көлемі 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 13 454 млн. теңгеге немесе 2,11%-ға өсті.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 98 580 млн. теңгені құрады, жылдың басындағы төмендеу - 24 903 млн. теңге немесе 20,17% болды. Біріншіден, бұл ағымдағы жылдың ақпан айында жүргізілген теңгенің девальвациясымен байланысты болды.

Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2004 жылғы наурыз - 2009 жылғы наурыз кезеңіне - 40,92%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 35,70% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 62,52%);

- 2006 жылғы наурыз – 2009 жылғы наурыз кезеңіне - 21,49% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 39,35%);


- 2008 жылғы наурыз – 2009 жылғы наурыз кезеңіне - 1,19% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 8,90%).

Ағымдағы жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі өткен айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынадай тәсілмен сипатталды:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 0,15 пайыздық тармаққа төмендеді;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 1,66 пайыздық тармаққа төмендеді;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 0,52 пайыздық тармаққа кеміді.



Қорлардың қаржылық жағдайы

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 59,7 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал - 36,3 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың көлемінен - 60,8%. 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 69,9 млрд. теңге және жылдың басынан актив сомасы 5,4 млрд. теңге (8,4%) өскен.

2009 жылғы наурызда 14 қордың ішіндегі 10 қор жалпы сомасы 10,6 млрд. теңге пайда тапты және 4 қор «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН», «Отан», «Қорғау» және «Республика») жалпы сомасы 0,6 млрд. теңге зиян шекті. 2009 жылғы наурызда жалпы қорлар бойынша жалпы сомасы 10,0 млрд. теңге таза пайда алды.

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 57,5 млрд. теңге құрады немесе қорлардың жиынтық капиталының 82,3% болды.

Қорлар меншікті активтерін инвестициялардың жалпы көлемінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарға - 49,8%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарға - 0,9%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 24,0%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына - 5,4%, «Кері РЕПО» операцияларына - 4,5% инвестициялады, екінші деңгейдегі банк салымдарына - 3,4%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 12,0%, сондай-ақ, инвестициялық қорлардың пайларына орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.04.09
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	15 936,5	16 724,1 (болжам)
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,9	9,2
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ қатынасы, %- бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	7,5
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	2,2
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4